ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 05 шілде №3115-24-00-2/1348 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.С.Сәрсенбиева қойылған талап қою бойынша азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жамбыл облысы әкімі аппаратының шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Аубакиров» Алибек Орынбекұлы Аубакиров

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАП АРЫЗЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Айыппұл өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 272, 293 бабын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Процестік Кодексінің 267-4, 117, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімі аппаратының шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Аубакиров» Алибек Орынбекұлы Аубакировты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және айыппұл өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Аубакиров» Алибек Орынбекұлы Аубакиров мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Аубакиров» Алибек Орынбекұлы Аубакировтан мемлекет пайдасына 2 449 (екі мың төрт жүз қырық тоғыз) теңге айыппұл және 1 919 (бір мың тоғыз жүз он тоғыз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.С.Сәрсенбиева

Шешім 05 шілде 2024 жылы шығарылды.

Судья Б.С.Сәрсенбиева

Құжатқа қол қойылған: Сарсенбиева Б. С., 05.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.08.2024, судья Байдаулетова Ж. Е., 22.08.2024

3115-24-3-1/1409